

* Сәкен
Сейфуллин
«Көкшетау»
ПОЭМАСЫ

*Арқаның кербез сұлу Көкшетауы,
Дамылсыз сұлу бетін жуған жауын.*

Сәкен – біздің ұлттық мақтанышымыз,
ел үшін еңіреген ер, қайтпас қайсар
күрескер. Сәкен - өлеңнен өрнек өрген
ақын, қара сөздің сиқырын игерген
прозашы. Сәкен – тыңдаған жанның
жүрегін тербемей қоймайтын сырлы да
сазды ән шығарған талантты композитор.

Нұрсұлтан Назарбаев

1905-1908	Нілдідегі орыс-қазақ және Ақмоладағы бастауыш приход мектебінде оқыды.
1908-1913	Ақмолада приходская школада, қалалық училищеде оқыды.
1913-1916	Омбы мұғалімдер семинариясында оқыған. Омбыда қазақ жастарының «Бірлік» қауымын, Ақмолада «Жас қазақ» ұйымын ашып, «Тіршілік» газетін шығаруды ұйымдастырған
1917	Ақмола Совдепі президиумының мүшесі.
1918-1919	1918 маусым ақ казактар мен контр-революцияшыл чехослактардың көтерілісі кезінде Ақмолада Кеңес өкіметі құлап, Сәкен жолдастарымен революция дұшпандарының қолына түседі, Ақмолада, Петропавл түрмелерінде, атаман Анненковтың «Азап вагонында», Колчактың Омбы лагерінде ауыр азаптар шегеді. 1919ж. Қашып шығып, «Дүйсенбі» деген жалған ат жазылған құжатпен жаяу Павлодар, Баянауыл арқылы туған еліне жетеді. Одан кейін қазіргі Тараз қаласына келіп, Совдептің көмегімен Сарысу, Шу өзенінің бойындағы елдерде кеңестендіру жұмысын жүргізеді. Елді Колчак үстемдігіне қарсы көтеріліске ұйымдастырып, Ақмола уезінде Кеңес өкіметін орнатуға қатысады.

1920	Қазақ Автономиялық Республикасы құрылған съезде Қазақстан Орталық Атқару комитетінің Төралқа мүшесі болып сайланады. Жер-су комиссиясының төрағасы.
1922-1925	Қазақстан Халық Комиссарлары Кеңесінің төрағасы.
1922	«Еңбекші қазақ» газетінің редакторы.
1925	Халық ағарту комиссараты жанындағы Ғылым орталығының төрағасы, Қазақтың пролетар жазушылары ассоциациясының басшысы.
1927	Қызылорда Халық ағарту институтының, Ташкенттегі Қазақ педагогикалық институтының директоры.
1932	«Әдебиет майданы» (қазіргі «Жұлдыз») журналының редакторы.
1934	Қазақтың коммунистік журналистика институтының профессоры.
1936	Әдеби қызметінің 20 жылдығы тойланып, оған Еңбек Қызыл ту ордені берілді.
1937	Тұтқындалды.
1938ж. 26.02	«Халық жауы» ретінде атылды.

Меті:

→ Ақын : 1. «Өткен күндер» (1914), «Асау тұлпар» (1922), «Домбыра» (1924), «Экспресс» (1926)

2. Поэмалары: «Аққудың айырылуы» (1925), «Советстан»(1925), «Көкшетау» (1929), «Альбатрос»(1933), «Қызыл ат» (1933-34)

→ Жазушы: Повестері: «Айша» (1922), «Жер қазғандар» (1928), «Жемістер» (1935)

«Тар жол, тайғақ кешу» мемуарлық романы (1927)

→ Драматург: «Бақыт жолына» (1917), «Қызыл сұңқарлар» (1920)

→ Педагог

→ Әдебиет тарихын зерттеуші ғалым: «Қазақтың ескі әдебиет нұсқалары», «Батырлар», «Қазақ әдебиеті»

→ Публицист

→ Композитор: «Біздің жақта», «Сарыарқа», «Көкшетау», «Ақсақ киік»
«Тау ішінде», «Жас қазақ марсельезасы», «Жолдастар»

Көкшетау поэмасы 1929 жылы жарық көрді. Бұл кезең советтік өмірдің ең бір белсенді уақытымен шендесіп жатыр. Бұл поэма ҚазААП-тың сынағына көп ұшырады. Сәкенге бүгіннен алшақтап өткенді аңсадың, өткен дәуірге көңіл бөлдің деген айып тағылды. Осындай жан-жақты қысымға қарамай Сәкен құнды шығарманы дүниеге әкелді.

Поэма 4 бөлімнен, 47 тараудан құрылған. Бастала бере Көкшенің әдемі табиғатын көлі мен терегін, қарағайы мен қайыңын, тау мен тасын, ауасы мен суын тамылжыта суреттейді. Табиғат сұлулығына, ел мен жер тарихын, ескі ақындарын, шежіресін қосып сұлулық пен рухани байлық үйлесімділігін жыр етеді. Ақын Оқжетпес, Жеке батыр, Бурабай атаулары жөнінде аңызды ел, жер тарихымен бірге береді. Өнер адамдары өмірін айтады.

№	Бөлім атауы	Оқиғаның барысы
1.	Кіріспе	Көкшенің сұлу табиғаты.
2.	Негізгі бөлім. Оқжетпес. Жұмбақтас.	Қазақ- қалмақ қарым-қатынасының бір оқиғасына арналған. Абылай бейнесі. Ұрыста қолға түскен қалмақ қызына Абылай батырларының таласуы. Тұтқын қыздың батырларға қойған үш шарты.
3.	Адақ батыр	Адақ батырдың ата тегі, шыққан жері. Қалмақ қызының басына қауіп төнген тұста Адақтың араласуы.
4.	Ерік алған қыз	Жылы жүректі батыр тұтқындағы қызға азаттық береді.

1.Басталуы	Көкшетаудың сұлу табиғаты. Абылай батырларының тұтқын қызға таласып дауласуы.
2. Дамуы	Тұтқын қыздың шарты. Батырлардың бір-бірімен өнер сынасуы.
3. Байланысуы	Қыз жұмбағы.
4. Шарықтау шегі	Адақ батырдың оқиғаға араласып қыз жұмбағын шешуі.
5. Шешімі	Қыздың азаттық алуы.